

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі
«№17 ұлттық өркендеу мектеп-кешені»

Тақырып:

**«COVID -19 нәтижесінде айналамыздағы
әлем қалай өзгерді.»**

Орындаған:
Молдахметова
Зарина Нұрболатқызы

Петропавл қаласы-2021 ж

Covid-19 - бұл Sars-CoV-2 коронавирусының романынан туындаған жұқпалы ауру. Бұлар негізінен тыныс алу жолдарына әсер етеді. Қоздырғыштар өкпеде ауыр пневмония тудыруы мүмкін. Жаңа Сарс вирустарының шығу тегі Қытай, Ухань қаласында басталды. 2019 жылдың желтоқсанында алғаш рет ауру жағдайлары көбейді.

Олар жабайы жануарлардан басталып, қазіргі кезде вирус адамға ауысып кетті. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2019/2020 эпидемиясын пандемия деп жариялады.

2020 жылдары әлемнің барлық елі үшін үлкен сынақ болды. Пандемия тудырған әлемдік дағдарыс біздің мемлекет үшін де қиын, ауыр әрі сұрапыл жыл деп есептейді. Менің өз басым онымен келісемін. Жұқпалы ауыру адамзаттың оған қарсы күрестегі айқын жетістіктеріне қарамастан, қазіргі қоғам үшін ең үлкен қауіптердің бірі болып тұр. Былтыр барлық елді қамтыған коронавирус індеті ауыруы мен өлім-жетімнің таралу жылдамдығы оған айқын дәлел. Қауіп індет әлемге тез таралып, күнделікті өмір ырғағын бұзып, дүрбелең тудырды.

Есте болса, ең басында мемлекеттер біраз есеңгіреп, өз аумағында індеттің таралуын болдырмау үшін қандай амал-шара қолданарларын білмей дағдарып қалды. Шекараларды жауып, қатаң карантин режимін енгізіп, вирустың ел аумағына енгізбеуге тосқауыл қойып сақталу амалдарын қарастырды. Содан кейін ғана туындаған проблемаларды шешу жолын қарастыра бастады. Пандемия тудырған дағдарыс адам өмірінің бар саласына әсер етіп, медицинаның қазіргі даму деңгейіне қарамастан мемлекеттердің бір-біріне қаншалықты тәуелді екенін және адамзаттың әлсіздігін көрсетті.

Қазақстан алғашқылардың бірі болып Уханьға медициналық-гуманитарлық көмек жіберді. Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Мажарстан және Италияға азық-түлік пен медициналық көмек көрсетті. Біздің мемлекет пандемиямен күресу үшін Еуропадан, Солтүстік Америкадан, Азиядан, Аустралиядан, Таяу Шығыстан және ТМД елдерінен гуманитарлық көмек қабылдадық.

Ковид-19-бен күресте Ресей мен Қытайдан дәрігерлер тобы келіп, қазақстандық дәрігерлерге нақты көмек көрсеткенін де атап айтқым келеді. Пандемия жағдайында мемлекеттер арасындағы ынтымақ, әріптестік және өзара көмек алмасу базасы толықты. Көптеген елдер қиын жағдайға тап болды, сол сәтте көрсетілген гуманитарлық көмек олар үшін үлкен демеу болып, алғашқы «соққыдан» аман-есен шығуға, тыныс алып, бұл зұлым күшке қарсы күресуге қажетті қор жинауға ықпал жасады. Бүгінде көпвекторлықты кеңейтіп, достық қарым-қатынасты нығайтуға негізделген Қазақстанның сыртқы саясаты біздің салиқалы және сенімді серіктес екенімізді әлем жүзінде айқындайды. Десе де, Қазақстанның сыртқы саясаты өзгеріссіз қалды: біз халықаралық аренада ұлттық мүддемізді берік алға жылжытып, қорғауға басым назар аудара отырып, сындарлы, теңдестірілген және көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуді жалғастырдық.

Ковид-19 пандемиясы қазақстандықтардың күнделікті өміріне үлкен өзгеріс әкелгені белгілі. Жұмыс істеу- шектетілді, сабақ оқу - форматы ауыстырылды, саяхаттау- шектеулі қойылды, қала берді достарыңмен бас қосу мүмкіндігі болмай қалды. Одан әрі бүкіл әлем бойынша қозғалыс шектеліп, шекаралар жабылып, көптеген жоспарланған іс-шаралар тоқтатылды, не кейінге шегерілді.

Ал, енді біз болсақ балалар - үлкендерге жауандап қарап, далаға шығуды армандап, таза ауамен дем-алуды аңсап, терезеге үңіле қарап, туған-туыстарды сағынып, не болып жатқанын түсінбей, төрт қабырғаға қамалып үйде отырдық. Біздей жасөспірімдерге бұндай сұмдық індеттің барын қабылдау қиын болды. Тек балаларда коронавирусты жұқтыру ересектерге қарағанда аз болуы мүмкін - олар оң нәтиже бергендерге қарағанда аз - деген тұжырымды естіп алып жалтандайтынбыз. Алайда, тіркелмеген жағдайлардың саны олар үшін ерекше көп болуы мүмкін, өйткені ересектерге қарағанда оларда ешқандай белгілер пайда болмайды. Егер олар ауырып қалса, аурудың ағымы да әлдеқайда жеңіл өтеді- дейтін. Ата-аналарымыз бізді ойласа, мен мамам, әкем, апам ауырмаса екен деп, жүрегім ауырып амандық тілеп сыйынып қойатынмын. Көңіліміз жабырқап бұндай

сұмдық қайдан келді екен, тезірек басылса екен деп тілейтінмін. Карантин экономикалық жағынан ғана емес, психологиялық залал келтірді деуге де болады. Сондықтан адамзатқа жаңа жағыдайға бейімделуге тура келді. Осы орайда көптеген салалардағы қызмет көрсету түрлері пандемия жағдайында жаңаша форматқа көшірілді. Онлайн режиміне;

-метептегі оқушылар, колледж, университет студенттер дәрісі.

-мемлекеттік мекемелер жұмысы

-тамақ тағамдарының үйге жеткізілуі.

Қазақстанда ресейлік «Спутник V» вакцинасының өндірісі қосылып, шығарыла бастады. Елімізге Синофарм, QazVac, Phizer вакциналары жеткізілді. 2021 жылдың басынан бастап ерікті түрде вакцинацияны жаппай қойылуы іске қосылды. Индеттің алдын алудың жалғыз жолы – екпе ектіру. Екпе ең алдымен ауырудың жеңіл өтуіне әсер етеді. Елімізде вакцина салу науқаны әлі де жүріп жатыр.

Мысалы: Халықтың қал-жағыдайын ойлап, қалыпқа келтіру мақсатында қолға алынған түрлерді атап кеткім келеді.

Солардың бірі вакцина алғанды растайтын жаңа құжат. Мұндай электронды құжатқа бүгінде барлық елдер көшіп жатыр. Егерде сіз, халық көп шоғырланған жерге барғыңыз келсе, ковид вакцинасының паспортын көрсетуге дайын болуыңыз керек. Бұл электронды құжат індетке қарсы екпені қабылдағаныңызды немесе ковид вирусын жұқтырмағаныңызды дәлелдеу үшін қажет. Вакциналаудың электронды паспорты да вируспен күресудің бір құралы деп білу керек.

Екіншісі коронавирустік тестен өту. Тәж вирусын біреудің жұқтырған-жұқтырмағанын тек арнайы тәж сынағымен анықтауға болады. Согоап тестінің үш формасы бар: ПТР, антиген, антидене антидене сынағы.

-ПТР сынағы - вирус гендерін анықтауға арналған

-Антиген сынағы - вирустың ерекше белоктарын анықтауға арналған

-Антидене сынағы - вирусқа қарсы арнайы антиденелерді анықтау үшін

Үшіншісі жаңа жүйенің іске қосылуы. «Ashyg» платформасы арқылы мекемелер жұмыс істей бастады. Өйткені, бұл қосымшаны қолдануы арқылы мемлекеттік мекемелер, ресторандар, кинотеатрлар және өзге де қызмет көрсету орындарына кіруге болатыны және олардың тез арада қайта ашылып, бұрынғы қалпына келуіне мүмкіндік жасалды. Бұл қосымша андроид немесе IOS платформаларына орнатылады. Қосымшаға тіркелу барысында кірушінің аты-жөні, туған жылы және мекен-жайы сынды негізгі мәліметтермен қатар, вакцина алғаны да көрсетіледі, болғаны QR кодты скандасаңыз жеткілікті.

Қазан айының соңғы мәліметіне сәйкес коронавирустық инфекция белгілері бар пневмонияның 46 жағдайы және 6 өлім жағдайы тіркелді. Оған қоса 136 адам емделіп шықты. 13 наурыздан 2020 ж. барлығы: ауырғандар - 76265, 4856 өлім жағдайы тіркелді, ал жазылып шыққандардың саны 63420 жетті.

Осы індеттің ахаул жағыдайы ма, не амал жоқтығы ма, осы күнделікті статикалық мәліметтерді тергенімнен бе, қандай үлес қоссам екен деп ойлай беретінмін. Жасым болса кішкентай, қолдан келер амал жоқ, үлкендердің айтқанын тыңдап көңіліміз көтерілмей көп қайғырдық. Туған-туысқандар болса әне біреу коронавируспен ауырыпты, әне біреу пневмониядан хал үстінде жатыр деген хабарларды қайта-қайта ести беретінбіз. Қандай амал бар, не істеуге болады, осы сұрақтар мені көп мазалады. Осы ауыр індет жағыдай кезінде дәріханадан маска сатып алып көшеде маскасыз жүрген адамдарға тарттым. Адамдардың көңілдерін көтеру үшін кішкентай сыйлықтар сыйладым, ыстықтай бауырсақ пісіріп тараттым. Осы істеген кішкентай ісіпен үлесімді қостым. Осыдан кейін бір тұжырымға келдім, мектептегі оқу бітіргесін, дәрігер мамандығын таңдауды бұйырдым.

Дәрігер мандығын оқып қолымнан келгенше халқыма қызмет жасаймын. Қазақстан халқын, соның ішінде өз туған – туыстарымды, жақындарымды осындай індеттен аман сақтап қалу жолдарын тауып, жағыдайын жасаймын- деп шештім. Халқым аман бол.